

**"Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 168 бұйрығына N 3 өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2006 жылғы 15 тамыздағы N 118 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2006 жылғы 21 тамызда тіркелген. Тіркеу N 4353. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 265 Бұйрығымен.

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2008.12.22 N 265 Бұйрығымен.*

*----- Бұйрықтан үзінді -----*

*2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:*

*1 . . . . .*

*2. Осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.*

*3 . . . . .*

*4. Осы бұйрық 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.*

*М и н и с т р д і н  
міндетін атқарушы*

*М. Құсайынов  
Қазақстан Республикасы Экономика  
және бюджеттік жоспарлау министрінің  
2008 жылғы 22 желтоқсандағы  
N 265 бұйрығына 3-қосымша*

*1 . . . . .*

*4. "Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 168 бұйрығына N 3 өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2006 жылғы 15 тамыздағы N 118 Бұйрығы.*

8. ...

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. "Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 168 (Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2005 жылғы 12 мамырдағы N 69 бұйрығымен N 3662 болып, Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің міндетін атқарушының 2005 жылғы 17 қаңтардағы N 1 бұйрығымен N 4039 болып тіркелген енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3310 болып тіркелген) бұйрығына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымында:

310 "Заңды тұлғаларға ағымдағы трансферттер" ішкі сыныбында:

"Атауы" деген бағандағы 311 "Заңды тұлғаларға берілетін субсидиялар" деген ерекшеліктің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"311 Шаруа (фермер) қожалықтарына және заңды тұлғаларға берілетін субсидиялар";

"Анықтама" деген бағанда:

"Заңды тұлғаларға" деген сөзден кейін "және шаруа (фермер) қожалықтарына" деген сөздермен толықтырылсын;

470 "Шетелге күрделі трансферттер" деген ішкі сынып 472 ерекшелікпен мынадай редакцияда толықтырылсын:

"	472	Шетелде стипендиаттарға оқу төлеу күрделі трансферттер	Стипендиаттарды шет елдерде оқытуға ақы төлеуге арналған күрделі трансферттерді шет елдерде мамандар даярлаудың халықаралық бағдарламасын іске асыру жөніндегі қызметтерді жеткізушіге аудару	"
---	-----	--------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---

2. Бюджеттік процесс әдіснамасы және функционалдық талдау департаменті (М. Боранғалиева) Заң басқармасымен (Д.Ешімова) бірлесіп осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы*  
*Премьер-Министрінің орынбасары -*  
*Экономика және бюджеттік*  
*жоспарлау министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК